

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ
ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ МЕН
ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ**

№ 192 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде номиналды кірістің көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы айырмашылықты «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ өтеу міндеті туралы

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ салымшыларына келесіні мәлімет үшін жеткізеді.

2009 жылдың 5 тамызында Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қаулысымен бекітілген, Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтердің нормативтік мәні, оны есептеудің әдістемесінің инструкциясымен орнатылған, «Зейнетақы активтері кірістілігі» деген 2-ші пруденциялық нормативімен (одан әрі - К2) жинақтаушы зейнетақы қорларын талдау қорытындысы бойынша 2010 жылдың 01 қаңтарында К2 көрсеткіші «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ 2004 жылдың желтоқсанынан бастап 2009 жылдың желтоқсанына дейінгі кезеңде орындалмағаны анықталды.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 31-бабының 4-тармағына сәйкес егер жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша күнтізбелік жылдың соңында есептелетін номиналды кірістілігінің көрсеткіші кірістіліктің барынша төмен мәнінен төмен мәнді құраған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қорының номиналды кірісінің көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы айырмашылықты меншікті капиталы есебінен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілердің тәртібі бойынша қалпына келтіру міндеті көзделген. Осыған байланысты, «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ номиналды кірістің көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы айырмашылықты өтеуді толық көлемде орындауы тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалар заңнамасына сәйкес «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ меншікті капиталы есебінен ақшаның тиісті сомасын жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банктегі инвестициялық шотына жылдан кейінгі жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде өтеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен, өтеу мерзімі келген кезде «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарына өтеу сомасын құяды.

Егер «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ салымшылары басқа жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақы келісіміне тұруын және 2010 жылдың 1 ақпана дейін зейнетақы активтерін «ЖЗҚ «Қорғау» АҚ – нан басқа қорға аударуын жоспарласа осы баспасөз-релизде баяндалған мәліметті назарына алынуы тиіс.